

Жақсыбайқөл негізгі мектебінің 2022-2023 оқу жылында
9 сыныппен жүргізілетін
тәрбие жұмысының талдауы

2022-2023 оқу жылында 9 сыныпқа 9 оқушы қабылданды. Оның 6- ұл балалар, 3 -еуі қызы балалар. Әлеуметтік құрамы жақсы, материалды жағынан жеткілікті қамтылған. Сынып оқушылары үйымшыл, бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды. Жылдық қорытынды бойынша оқу екпінділер-3, қалғаны орташа көрсеткішті көрсетті.

Екпінділер: Аманжолова Аида, Әлім Кәусар, Әділханов Ілияс

Сыныптағы 4 оқушы “Дебат клубы” үйірмесіне, 3 оқушы “Шебер қолдар” үйірмесіне, 6 оқушы “Воллейбол” үйірмесіне қатысты. Сынып оқушылары мектепшілік конкурстар мен сайыстарға, мерекелік шараларға, сыныптан тыс жұмыстарға белсене, бірігіп үйимдастырып құштарлана қатысты.

***Күжаттар бойынша жұмыс**

- Жыл басында оқушылар өз деңгейі бойынша партага орналастырылып, мүлікті сақтау мақсатында орындықтар мен парталар бекітіліп берілді;
- Мектеп әкімшілігі бекіткен сабак кестесі толтырылды;
- Сабак қатысымы туралы талаптар ескертілді;
- тоқсан сайын жеке құжаттар толтырылып, рәсімделіп отырды;

***Мектеп психологымен бірлескен жұмыс**

Мектеп психологы жыл бойы оқушылармен түрлі сауалнамалар, тест және тренинг жұмыстарын жүргізіп отырды. Жүргілген жұмыстар нәтижесі бойынша:

Сыныптың үйлесімділігі: жоғары

Қарым-қатынас стилі: дотық

Оқушылар арасында мазасыздық деңгейі: тәмен

Оқушылар арасында қолдау деңгейі: жоғары

Басым темперамент түрі: сангвининг-2, флегматик-5

Рефлексияға бейімділік: өз ойын жеткізе білу

Тәртіп деңгейі: жоғары

Импульсивтілікке бейімділік: айқын емес

Оқуға деген мотивация деңгейі: жақсы

Көшбасшылық қасиеттердің көрінуі: бір айқын көшбасшы

Мұғалімдерге құрметі: жоғары

Бінтымақтастыққа ашықтығы: жақсы

Сынға реакциясы: қабылдайды

Тәуекел тобындағы оқушылар саны: жоқ

***Әлеуметтік педагогпен бірлескен жұмыс**

- сыныптың құрамы, жалпы мінездемесі, әлеуметтік психологиялық мінездемелері анықталды;
- оқушылардың әлеуметтік жаңдайын тексеру мақсатында үйлерін аралап, ата-аналарымен байланыс орната отырып, оқушының өз бөлмесінің жабдықталуы қаралып, әлеуметтік паспорт айқындалды;

Сынып бойынша көп балалы отбасылар саны-4, толық емес отбасы саны-0.

***Сыныптағы тәрбие жұмысы**

Өскелен жас үрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелу-барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз-жасүрпақ, ал үрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алушына жағдай жасау, олардың құқықтарымен заңды мұдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір-бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру үйымдарындағы тәрбие мен мазмұны, сыйнып сағаттарының және мектептен, сыйныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

I. Мақсаты:

- Сыныпта өзара құрмет, бір – біріне деген сыйластық пен ынтымақтастық қасиеттерін қалыптастыру арқылы оқушылардың өзін – өзі басқаруын жетілдіру;
- Тәрбиелік шарапардың формасын жетілдіре отырып, әлеуметтік жобаларға деген қызығушылықты арттыру және қатыстыру;
- Оқушы құқығы мен міндеттін түсіндіру және оқушыларда көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру;
- Ұлттық өнерді құрметтейтін, ұлттық өнерді насихаттай алатын, ұлттық құндылықтарға ден қоятын тұлға тәрбиелеу.

II. Міндеттері:

- өзінің, өзгелердің, адамгершілік құндылықтарын танып білуге қызығушылықтарын арттыру;
- сыйластыққа, кішіпейілдікке, ізгілікке, қарапайымдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
- оқушылардың не нәрсеге бейімділігін анықтап, оларды ынтымағы жарасқан, белсенді, саналы ұжымға жұмылдыру;
- өзін–өзі басқару жүйесін жетілдіре отырып, дарынды, өнерлі оқушылардың қатарын көбейту, көшбасшылықты дамыту;

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

- 1.Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
- 2.Рухани-танымдық тәрбие
- 3.Ұлттық тәрбие
- 4.Отбасы тәрбиесі
- 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 6.Көпм(әдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- 7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- 8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

1. Қыркүйек айында

«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», «Тілім менің-тірлігімнің айғағы», тақырыбында тәрбие сафаты, «Егеменді елімнің рәміздері» тақырыбында танымдық сабак, «Дені саудың жаны сау» тақырыбында тәрбие сафаты, «Төрімізден карттарымыз кетпесін» кездесу сабағы өткізілді.



2. Қазан айында

«Ұстаз аты-биік,әрі мәңгілік» «Ұлт тағылымы-менің өмірімде», Қазыбек бидің 355жылдығы, «Менің мектебімнің тарихы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

3. Қараша айында

«Кемел келешек кілті-білімде», «Бала құқығы-адам құқығы», «Интернет кеңістігінің әсері», Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына орай тәрбие сағаттары өткізілді.

4. Желтоқсан айында

«Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі бола ала ма?», «Тәуелсіздік таны» «Қайырымдылық-адамгершілік белгісі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

5. Қаңтар айында

«Жемқорлыққа жол жоқ», «Өз жерінді таны» «Жасөспірім және заң», «Еңбек – елдің мұраты» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

6. Ақпан айында

“Қазақтың лирик ақыны- Мұқағали Мақатаев”, «Менің қоғамдағы алатын орным...» «Ғажайып математика», «Рахмет,саған ,ауылым!» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

7. Наурыз айында

«Ана - өмірдің ғұлі», “Амал келді, жыл келді!”, «Жақсы мінез–жан азығы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

8. Сәуір айында

«Біз табиғатты қорғаймыз!», «Фарыш әлеміне саяхат» «Тарихи мұраны сақтау біздің борышымыз», «Денсаулықты сақтау-баршаның міндеті» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

9. Мамыр айында

«Біз біргеміз! Бірлігіміз жарасқан», «Женіс жыры», “Қазақтың ұлттық ойындарын білесіз бе?”, «Мен жетістіктерге жетемін!»,

***Қосымша бағыттар бойынша**

«Біздің қала (кент),аудан», «Жол-көлік оқиғаларының себептері», «Жол таңбаларының мақсаты», «Қосымша секциялары бар бағдаршам белгілері», «Реттеуешінің белгілері», «Жол белгілері және олардың мақсаты», «ЖКЕ негізгі түсініктері мен терминдері», «Заманауи көлік-жоғары қауіптілік аймағы. Қоғамдық көлік», «Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағылану», «Велосипедте жүру» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар, сынып бөлмелерін көгалдандыру, мектеп дәлізін, мектеп ауласын, көгалдандыру жұмыстарына белсене қатысты.

Оқушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, алдын-алу мақсатында әр түрлі форматта жұмыстар үйимдастырылды.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі тақырыппар қамтылды. Мектеп психологы Балпашова Г.И. өзінің жұмыс жоспарына сай сыныпта буллингке қатысты өзін-өзі бағалау мен және менің дінге көкарасым т.б жұмыстар жүргізді. 2022-2023 оқу жылында оқушылармен жүргізілген жұмыстарда сыныптар бойынша бейресми оқушы анықталмады.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сыйнып оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатысты.

Үйірмелер атауы		
Дебат клубы	Шебер қолдар	Воллейбол
Аманжолова Аида. Әлім Кәусар. Әділханов Ілияс Маратова Айжарқын	Аманжолова Аида. Әлім Кәусар. Маратова Айжарқын	Ахметов Санжар . Әділханов Илияс. Қитанов Ержан. Жасұланұлы Ерұлан. Қошқаров Нұрболат. Қошқаров Нұрсұлтан

2022-2023 оқындағы жылда өткен тәрбие сағаттары

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Отілген тәрбие сағаттары	Қосымша
1	Жаңа қазақстандық патриотизм және азamatтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	9	3
2	Отбасылық тәрбиесі	2	2
3	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты	4	2
4	Ұлттық тәрбие	4	2
5	Рухани – адамгершілік тәрбие	6	2
6	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	5	2
7	Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	2	2
8	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	4	2

*Ата-анамен байланыс

Жыл басында ата-аналармен танысу үшін сауалнамалар толтырылып, ата-ананы үнемі тындалап, көмекші болу керектігін оқушылар белді.

2022-2023 оқындағы 4 ата-аналар жиналысы жоспарланып, өткізілді. Жиналыстарда оқушылардың өз отбасын, ата-анасын құрметтеу, қоршаған ортамен жақсы қарым-қатынаста болу мақсатында “Жанұядығы тәрбиенің ерекшеліктері”, “Тұлғаның басты қасиетті-адамгершілік”, “Бала тәрбиесіне байыпты қарайық”, “Мектептің ішкі тәртіп ережелері”, “Қауіпсіздік ережелерін білеміз бе?” тақырыбында баяндамалар, түсінік жұмыстары, тесттік тапсырмалар мен сауалнамалар алынып, тренингтер жүргізілді.

Сондай-ақ, ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналар комитеті сайланды. Оқушылардың жалпы сабакта қатысымдары, оқу үлгерімдері мен тәртіпптері жөнінде ақпарат беріліп отырды. Жирналыстар өз уақытында өткізіліп, жалпы ата-аналардың оқу-тәрбие саласындағы ролі қаралды. Ата-аналар тарарапынан балаға деген жауапкершілігі, оларға уақыт бөле отырып мұғаліммен бірігіп жұмыс жасауы, сыйнып оқушыларының тәртібі мен үлгеріміне көп көмегін тигізді.

***Корытынды:**

Оқу жылында білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимылды жүзеге асырудың оң тәжірибесі жинақталды. Оқушылардың оқу және оқудан тыс іс-әрекетке саналы көзқарасын қалыптастыруды, сынның пен мектептің өміріне қызығушылық танытуудың, оқыту мен тәрбиелеу процесіне оң көзқарасты атап өтуге болады.

Жақсы нәтижелерге қол жеткізу дің көрсеткіштері қызметтің барлық түрлеріне қызығушылықтың артуы оқу және сабактан тыс іс-шаралар процесі мен нәтижелеріне бей-жай қарамау, барлық іс-шараға қатысу белсенділігі болып табылады. Оң нәтижелерге сынның ата-аналарымен ынтымақтастық пен мұдделі қарым-қатынастың жақсаруы жатады.

Сыныптағы тәрбие жұмысына талдау оқу жылы ішінде оқушылармен сынныңтан тыс іс-шараларды ұйымдастыруды, оқушылармен жұмыс жасауда оң тәжірибе жинақталғанын көрсетті.

Сынып жетекші: Узакбаева Асемгул